


Негізгі пәндер әдіс бірлестігінің  
жоспары



2021-2022 оқу жылы



Юсупова А

**«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің негізгі пәндер бірлестік отырыстарының жоспары  
2021 – 2022 оку жылы**

P/c	Отырыстар	Мерзімі	Жауапты
1 отырыс	<p>Тақырыбы: «Жана оқу жылына дайындық»</p> <p>1.2021 -2022 оку жылының есебін талдау</p> <p>2.Күнтізбелік жоспарды қарастыру, 2021-2022 оку жылы</p> <p>3. Жаңартылған оқу бағдарламасымен танысу</p> <p>4.Озық технологиямен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибелерін тарату.</p> <p>5. Біліктілік арттыру курсарынан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту</p>	Тамыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
2 отырыс	<p>1.1 тоқсан қорытындысын талдау.</p> <p>2. Бақылау жұмыстары мен ашық сабактар қорытындысы</p> <p>3.Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуын тексеру.</p> <p>4. Кабинеттердің талапқа сай жабдықталуын жоспарлау, жаңа технологияларды қолдануды жүзеге асыру</p> <p>5.Дарынды окушыларды іріктеп, олимпиадаға қатыстыру</p>	Қараша	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері Өрисбаев .О
3 отырыс	<p>1 Пән үйрмелері мен факультатив сабактардың өтілуі туралы мәлімет</p> <p>2. Әдістемелік және пән апталықтарын өткізу, нәтижелерін талдау.</p> <p>3. Жарты жылдың және 2 тоқсанның қорытынды есебін талдау.БЖБ, ТЖБ, модерация жасау.</p>	Қантар	ӘБ жетекшісі Арымбаева .С

	<p>4. Улгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу</p> <p>5. Мұғалімдердің еңбектерін, үлгілі ашық сабактарын баспа беттеріне жариялауды жоспарлау</p> <p>6. Информатика пәнін ойын элементтерін пайдаланып, бағалау . Баяндама.</p>		
4 отырыс	<p>1. Жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқыту үшін бағалау түрлерін сабак үрдісінде қолдану</p> <p>2. Технология пәнінен жаңаша оқытудың әдіс тәсілдері. Баяндама</p> <p>3. III тоқсанның бақылау және пән бойынша қорытындысын талдау. Білім сапасының мониторингісі.</p> <p>4. Мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру.</p> <p>5. Емтиханға дайындық құжаттарды қарастыру.</p>	Наурыз	<p>ӘБ жетекшісі</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>Г.Туляева</p>
5 отырыс	<p>1. 4- тоқсан қорытындысын талқылау.</p> <p>2. 2021-2022 оку жылының бірлестіктің жұмысын сараптау және келесі оку жылы ескеретін, толықтыратын мәселелерді ойластыру, толықтыру.</p> <p>3. Жаңа оку жылын жоспарлау</p>	Мамыр	<p>ӘБ жетекшісі</p> <p>Пән мұғалімдері</p>

ӘБ жетекші А.Тайлибаева.



Мектеп директоры: Юсупова А.

Оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Әмірбеков Е.  «Келісемін»

« №11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» ККМ 2021 жылдың 22.11-04.12 аралығында өтілетін негізгі пәндер апталығының іс-шараларының жospary

## Тақырыбы: "Білекті бірді жығар, білімді мынды жығар"

**Мақсаты:**Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес оқытудың сапасын,пәндерге деген қызығушылығын арттыру.Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.Оқушыларды тапқырлықта,есепкүмарлықта,ізденімпаздықта баулу.Жастарды әдептілікке инабаттылықта тәрбиелеу.

Рет/сан	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Сыныбы	Жаупты мұғалімдер
1	Апталықтың жоспарларымен таныстыру	22.11.2021	5-9сынып	Бірлестік жетекшісі
2	Іс-шараларды үйымдастыру, безендіру	22.11.2021	5-9сынып	Пән мұғалімдері
3	Көрме үйымдастыру	22.11-04.12 2021	5-9 сынып	Туляева Г Ахметов Б
4	Олимпиада өткізу	22.11-04.12 2021	5-9 сынып	Пән мұғалімдері
5	«Кеңілді Арифметика»	03.12.2021	5 сынып	Арымбаева С

## Ашық сабактар

1	«Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану»	29.11.2021	6«а» сынып	Әрісбаев О
2	«Күш»	29.11.2021	7«б» сынып	Арымбаева С
3	«Сызықтық функциялардың графигінің өзара орналасуы »	29.11.2021	7«б» сынып	Аюбек Г
4	«Көпмүшелер»	29.11.2021	8«а» сынып	Тайлибаева А
5	«Ұлттық үлгідегі әшекей бүйімін жасаймыз»	30.11.2021	4«б» сынып	Тұляева Г
6	«Мәтіндік редактор»	27.11.2021	3-сынып	Мырзагелдиев Ж
7	«Апталық қорытынды	04.12.2021	5-9 сынып	Пән мұғалімдері

Бірлестік жетекшісі: Тайлибаева А

*Хаттама №1*

*№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернатында 2020 жылдың тамыз айының отызы бірі күні негізгі пән пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Катысқаны: - 8*

*Катыспаған: -*

*Күн тәртібінде:*

*1. Өткен оқу жылына қорытынды есеп*

*2. Пән бойынша жүктемелік сабактарды бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту.*

*3. Әдіс бірлестігінің жаңа оқу жылына арналған жоспарларын талқыланап бекіту.*

*4. Жаңа оқу жылына ашиқ сабактарды жоспарлау, кестесін жасау.*

*5. Біліктілік арттыру курсарынан өтетін мұғалімдерді анықтау, кестесін жасау*

*Тыңдалды:*

*1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Тайлибаева Айгүл сөз алды. Жоспарға сай ашиқ сабактар өтілгенін, «Негізгі пәндер» әдіс бірлестігінің апталығы өз дәрежесінде өтілгенін, қашықтықтан сабак өтілген кезде, мұғалімдер барлық жағдайларда қарастырып, өз деңгейінде өтілгенін айтты. Дағындық және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс өз дәрежесінде, емес үлгерімі нашар оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуі қажет екенін, оқыту деңгейі мен оқыту сапасын арттыру жолдарын қарастыру керектігін айтты*

*2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Тайлибаева Айгүл сөз алды. Әдіс бірлестігіне қарасты мұғалімдердің яғни С.Арымбаева, О.Өрісбаев*

*, Б.Ахметов, Г.Туляева, Е.Әмірбеков, А.Тайлибаева, Г.Аюбек, Ж.Мырзагелдиевтің*

*күнтізбелік жоспарларын талқыланап, бекітуіне ұсынылатынын айтты. Жоспарды бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескертті.*

*3. Үшінші мәселе бойынша Тайлибаева Айгүл әдіс бірлестігінің жаңа оқу жылына арналған жоспар мен таныстырып шықты.*

**Негізгі пәндер әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:** «Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, мәдениетті, белсенді, шығармашылықта бейімделген тұлға қалыптастыру»

**Мақсаты:** Пәндік материалдарды әр окушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейін ескере отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы қабілетін дамыту, ғылыми негізінде түзілген бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін арттыру.

**Міндеттері:**

- Білім сапасын үнемі тексеріп отыру
- Сабакта жаңа технология әдістемелерін қолдана отырып, окушының біліктілігін дамыту

*Мұғалімнің өз білімін көтеру жайлы, пәннің берілу сапасын арттыру жаңа технологияны пайдалану мәселелерін атап өтті. Жоспарды талқылап бекітуге ұсынды.*

4. Күн тәртібіндегі тәртіни мәселе бойынша Тайлибаева Айгүл сөз алды ашиқ сабактар тақырыбының кестесі түзіліп таныстырылып шықты.



5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Тайлибаева Айгүл сөз алды

**Қаулы етеді:**

1. Оқу жылының қорытындысы қанагаттанарлық деп табылсын.

2. Әдіс бірлестігіне қарасты мұғалімдердің күнтізбелік жоспарлары талқыланып, директордың бекітуіне ұсынылсын.
3. Әдіс бірлестігінің жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспары талқыланып, бекітілсін.
4. Әр сабак сапалы да нәтижелі өткізілсін.

**Бірлестік жетекшісі:**  
Хатшысы:

 A. Тайлибаева  
 Г. Аюбек

*Хаттама №4*

*№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернатында 2021 жылдың наурыз айының жиырма алтысы күні негізгі пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.*

*Катысқаны: - 8*

*Катыспаган:*

*Күн тәртібінде :*

**1.3-тоқсан қорытындысы(БЖБ.ТЖБ қорытындысын талдау)**

- 2. Оқушылардың білім сапасын мониторингілеу (талдау)**
- 3.Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебін тыңдау.**
- 4. Оқушыларының дәптерлерінің жүргізілуі**
- 5.Қашықтықтан білім беру дегеніміз не?**

*Тыңдалды:*

*1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Тайлибаева сөз алды.*

Ол өз сөзінде 3- тоқсанның қорытындысы жайлы тоқталды. Болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру екендігі, бұл мәселе біздің басты мәселе болып табылатынын .Әр баланың білім алуға ынтасын көтеру шартты нәрсе екенін , жұмыс түрлерін үйімдастыруда оқушылардың үлгерімін жақсарту барысында әр түрлі әдіс – тәсілдер мен жаңа технологияны пайдалану, жаңартылған білім мазмұнындағы бағалаудағы ерекшелікшеліктері жайлы айтты.

Ең бастысы , оқушылардың сабакты әрбір сабак сайын берген жақсы жауаптарын мадақтап отыру, жеке , жүппен , топта жұмыс жүргізу , сабакты жиі сұрау , балалардың өз пікірін еркін айтуга үйрету керектігін ескертті .

**2. Екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Тайлибаева сөз алды.**

Тайлибаева Айгүл химия, математика, физика, информатика пәндерінен оқушылардан алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жайлы хабарлады. Пән мұғалімдері Арымбаева С, Өрісбаев О, Әмірбеков Е, Тайлибаева А екенін айтты.

3. Мұғалімдердің өз білімін көтеру жұмыстарының есебі бойынша, физика пәнінің мұғалімі Арымбаева Саягадад сөз алды. Онлайн олимпиадаға қатысқан мұғалімдер жайлы айтып өтті.

4. Үлгерімі төмен оқушылар сабакқа қызығуы үшін ең оңай, қызықты материалды ұсыну, қатемен жұмысты жсі жүргізу, сиынпта достық қарым-қатынас орнату, тақта алдында немесе жсауп беру кезінде оқушыға көмекші құралдар ұсыну, оқушының жсауабын көтермелеге, жаңа тақырып бойынша оқушыны әңгімеге тарту, өзін-өзі тексеруге, бағалауга мүмкіндік беру, үлгерімі төмен оқушыларға жеке тапсырмалар даярлау, ұсыну, бақылау картасын жасау, ата-анасына талаптарды түсіндіру мұғалімнің жұмыс сапасын арттыратыны сөзсіз.

Баланың дарындылығы мен білімге құштарлығын арттыру-ұстаз бойындағы құдіретті күш. Ендеше білім сапасы да мұғалім шеберлігіне байланысты болмақ.

Ал қазіргі жаңаша оқыту технологиясы мұғалімді жақсы нәтижеге жеткізетін құрал екенін сабакқа қатысу барысында көруге болады. Оқытудың жаңа технологиясы жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Нәтижесінде оқушылардың интелектуалды дамуының жоғарлауы, белсенділігінің артуы, мұғалім мен шәкірттердің өзара қарым-қатынасының жсауапкершілігі көрінеді, өйткені, оқушы да, оқытушы да, белсенді шығармашылықпен қызмет жасайды.

Әрбір қазақ баласы бай болсын, бар болсын, бірақ сол байлық мәдени-рухани дамуға қызмет етсін. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түюі, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуі керектігін айтты.

##### 5. Бесінші мәселе бойынша география пәнінің мұғалімі

Р.Досыбаеваның «Жаңартылған білім мазмұны» тақырыбындағы баяндамасын тыңдал талқылау. Бүгінгі мақсат-әрбір оқушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жаңа жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке тұлға қалыптастыру. Дәстүрлі сабакта инновациялық тәсілдерді қолдану оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытудың бірден-бір тиімдісі болып табылады. Жалпы дәстүрлі сабак оқушылардың көзқарасын қалыптастыруда өз шегінен шығармайды. Бұл жерде айта кететін жөн сиынпта зерек балалар мен қатар шығармашылық және ойлау қабілеті төмен, өз бетінше жұмыс істеуге үйренбегендіктен уақытты бос өткізеді. Олардың жұмысы не мұғалімді не өздерін қанагаттандырмайды. Мұндай жағдайды өзгерту топпен және жүппен жұмыс істеу. Топқа әртүрлі деңгейдегі оқушыларды біріктіремін. Олардың ішінде біреуі жақсы ой айта алатын, біреуі топтағыларды ойга жетелейтін, ал біреуі тек тыңдал, көріп есіне сақтайтындар. Негізгі мақсат-ойды ояту, оқушыға өзіндік ой-пікір, қорытынды шығаруға мүмкіндік беру. Әлем өзгереді, әлеммен бірге бізде өзгереміз сондықтан барша әріптестеріме білімді, тәрбиелі оқушыларды даярлап шығару жеткіліксіз, өзбетінше өмір сүре алатын, адамдар арасындағы

қарым-қатынасты меңгерген, бүгінгі күннің талабына сай азамат тәрбиелеу міндеміз деп, сөзін қорытындылады.

Озық педагогикалық тәжірибелі байыту, өз білімін көтеру жоспарын толықтыру, баға нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу, оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.

Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жозғарыдағы мәселелерді талқылай келе

Қаулы етеді:

1. I тоқсанның қорытындысы жақсы деп табылсын.
2. математика, физика, информатика пәндерінен алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі жақсы деп табылсын.
4. Оқушылардың үлгерімі, білім сапасы арттырылсын.
5. Мұғалімдердің еңбектері, үлгілі ашық сабактарын баспа беттеріне жариялансын, әр сабак сапалы да нәтижелі өткізілсін.

Бірлестік жетекшісі :

А. Талибаева

Хатшысы :

Г. Аюбек

математика пәнінен «Квадрат үшмұше» тақырыбында өткізді. Бұл сабакта оқушылардың сабакқа қатысу ерекшеліктері айқын байқалды. Олар өз қызығушылықтары жасыра алмады, сондықтан сабак тартымды және қызықты өтті, деген үміттемін. Оқушылар еңбегі уақытылы бағаланып, тағы да білімдерін кеңейтетін мағлұматтар беріліп жатты. Сабак сонында сабакқа қатысушы ұстаздар өз пікірлері мен ақылдарын айтып жатты. Келесі сабак «**Ұлттық үлгідегі әшекей бұйымын жасаймыз**» деген атпен 4 б сыныпта Туляева Г үйымдастыруымен өтті. Сабак өте жақсы деңгейде өтті. Сабакта оқушылар ұлттық үлгідегі бұйымдарын сыйып, оны қалай қио керек екенін үйренді, оларға түрлі ою-өрнектерді де қоса білді. Сыныптан тыс іс-шаралар да жоспар бойынша өтті. Негізгі пәндер апталығын 04.12.2021 күні болып өткен «Негізгі пәндер лотосы» атты кеш қорытындылады. Кеш логикалық сұрақтар, әртурлі танымдық ойындар, музика минуты және технологиядан тоқыма тоқу сияқты шарттардан тұрды.. Оқушылар өз тарапынан білімдері мен зеректілігін көрсете отырып осы сұрақтардан сүрінбей өтіп, лотодан шыққан сыйлықтарын алды . Сайысты тамашалаушы ұстаздар да осындай мерекеге ризашылықтарын білдірді. Апталық іс-шараларына қатысқан ұстаздар, оку ісі мен ғарышісі өз пікірлерін айтты. Пікірлер бойынша іс-шаралардың жетістіктері мен кемшіліктері білдірілді.



